




## Жаңа Салық кодексі Экономиканы ынталандыра ма?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әзірленіп жатқан жаңа Салық кодексі инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасау мен бюджетке түсетін түсімдердің қажетті деңгейін ұстап тұру арасындағы ақылға қонымды теңгерімді қамтамасыз етуге тиіс екенін атап өтті. Кәсіпкерлер қауымдыстығына ұсынылған жаңа Салық кодексінің жобасы экономиканың әртүрлі салалары үшін сараланған қосымша құрамын мөлшерлемесін, «көкдене мониторинг» режимін енгізуді және арнайы салық режимдерін реформалауды көздейді.

көлеңкелі экономиканың өсуіне жол бермеу жағдайында қатаң бюджеттік және салық тәртібін сақтай отырып, бизнестің әлеуетін арттыру мақсатында кәсіпкерлік субъектілері үшін салықтық әкімшілендіру тетігінің өзгермелі жағдайларын енгізу облыс үшін терең маңызға ие. Бү-



РЕФОРМА –  
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

• ӘЛЕУМЕТ

## 65,8 мың болашақ анаға – біржолғы төлем

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, бірінші тоқсан қорытындысы бойынша 840 мыңға жуық адам Мемлекеттік әлеуметтендіру сақтандыру қорынан әлеуметтік төлем алды.

Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға, табысынан айырылу жағдайына байланысты әлеуметтік төлем жүктілік және босану бойынша демалыстың барлық күніне тағайындалады. Төлем мөлшері жүктілікке және босануға байланысты демалыс күніне дейінгі соңғы 12 айда МӘСҚ-ке әлеуметтік аударымдар жүргізілген орташа айлық табысқа және еңбекке жарамсыздық күндерінің санына байланысты жүргізіледі.

– Биылғы 1 сәуірден біржолғы төлемді 65,8 мың болашақ ана жалпы сомасы 81,9 млрд. теңгеге алды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 19%-ға артық. Тағайындалған төлемнің орташа мөлшері 1 460 282 теңгені құрады, – дейді министрлік өкілдері.

Ал, бір жарым жасқа дейінгі бала күтіміне байланысты табысынан айырылғандарға ай сайынғы әлеуметтік төлем баланың туған күнінен бастап әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысуына тағайындалады. Төлем мөлшері соңғы 2 жылда МӘСҚ-ке әлеуметтік аударымдар жүргізілген орташа айлық табыстың 40%-ын құрайды. Екі және одан да көп бала туған кезде төлем әрбір балаға жеке тағайындалады.

2024 жылдың 3 айында бұл төлем 67 мың адамға тағайындалды. Оның ай сайынғы орташа мөлшері 79 106 теңгені құрады. Төлем 94,9 млрд. теңге сомасына жүргізілді. Бұл 2023 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 1,8 есе көп. Сондықтан, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысатын жұмыс істейтін азаматтарды әлеуметтік қорғау деңгейі, жұмыс істемейтіндерге қарағанда әлдеқайда жоғары.

► 3-бет

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа Салық кодексіндегі негізгі өзгерістерді түсіндіру үшін Қарағандыға Қазақстан Республикасы Қаржы вице-министрі Ержан Біржанов, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының орынбасары Жәнібек Нұржанов және Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы Татьяна Савельева арнайы келді. Олар Достық үйінде кәсіпкерлермен кездесіп, жиынға Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Ермек Алпысов қатысты. Конференция форматындағы жиынның өтуіне Жаңа Қазақстанның салық төлеушілер қауымдастығы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мен Мемлекеттік кірістер комитеті ұйытқы болды.

– Облыс үшін көлеңкелі экономиканың өсуіне жол бермеу шартымен қатаң бюджеттік және салық тәртібін сақтай отырып, кәсіпкерлік субъектілері үшін салықтық әкімшілендірудің жаңа тетігін енгізу маңызды. Ал бүгінгі диалог алаңы – соның айғағы. «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, біз бизнесті жүргізу шарттарын жақсарту мақсатында заңнаманы жетілдіру бойынша 48 ұсыныс жолдадық. Оның барлығы дерлік зерттеліп, салық заңнамасын әзірлеу кезінде ескерілгеніне сенімдіміз. Бұл конференция және пікір алмасу мүмкіндігі бизнес үшін әкімшілік жүктемені азайтуға, инвестицияны ынталандыруға, сонымен бірге, салық түсімдерінің ашықтығы мен тұрақтылығын арттыруға бірге қол жеткізуге мүмкіндік береді деп үміттенемін! – деп сенім білдірді Ермек Алпысов.

Облыс әкімінің орынбасары конфе-



ренция қатысушыларына Қарағанды мен қазына сөздерінің бірегейлігіне тағы бір көз жеткізді. Өйткені, кеншілер астана-сы, агломерация өзегі, ірі өнеркәсіптік, ғылыми және мәдени орталық екендігі мәлім. Мұнда шағын және орта кәсіпкерлігі дамыған кәсіби бизнес-қоғамдастық қалыптасқан. Облыста шағын және орта бизнесті дамытуға қажетті көңіл бөлінеді. Мәселен, 2025 жылға қарай орта бизнестің үлесін 3,4%-дан 7%-ға дейін екі есеге арттыру жоспары тұр. Ал, бұған салық заңнамасына тікелей тәуелді бизнес-климаттың жақсаруы тікелей ықпал етеді. Жаңа кодекс кәсіпкерлерге бизнесті ашық жүргізуге мүмкіндік беретін алдын алу шараларын енгізуді көздейді. Цифрландыруды дамытуға және есептілікті онлайн тапсыруға жағдай жасалмақ. Сондықтан,

інгі таңда бизнеспен қарым-қатынастың жаңа деңгейіне көшу барысында барлық тараптардың мүдделері ескеріліп, өңірдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталуы тиіс. Мысалы, бөлшек салық мөлшерлемесін екі есеге, 4-тен 2%-ға дейін төмендету мүмкіндігі бойынша Қазақстан Республикасының Салық кодексіне енгізілген түзетулер бизнеске нақты қолдау болды.

Облыс республикада алғашқылардың бірі болып тиісті шешімдерді қабылдай отырып, нәтижесінде бөлшек салықтық арнайы режимін қолданатын облыстағы салық төлеушілердің саны өткен жылы 148-ден 1 282 субъектіге дейін ұлғайды. Дерек пен дәйек қамшы салдырмай тұр. Бұдан әрі бөлшек салықтың арнайы режимін қолдану үшін рұқсат етілген

қызмет түрлерінің тізбесін кеңейтудің 190-дан 364-ке дейін, оның ішінде өңдеу өнеркәсібі секторын қоса алғанда, он әсері күтілмек. Шикізаттық емес салалардың әлеуетін кеңейту үшін 50 жобаның пулы бар, оларды іске асыру өнім өндірісін 1,3 трлн-ға ұлғайтуға септеседі.

Әсіресе, салық заңнамасын жетілдіру өзекті. Бұдан басқа, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жергілікті деңгейге қосымша салықтарды беру жөніндегі мәселе заңнамалық деңгейде қаралуға. Кезең-кезеңмен фискалдық орталықсыздандыру өңірлердің қаржылық тұрақтылығын және олардың қаржылық тәуелсіздігін нығайтуды қамтамасыз етеді.

• ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

## «Болашақ» біліктіге бағытталмақ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның білім жүйесін реформалау жоспарында «Елдегі білім жүйесін толықтай реформалағым келеді. Бізде, экономист, заңгер, менеджер және тағы басқалары өте көп. Қазір бізге техникалық бағыттағы білімді дамыту қажет. «Болашақ» бағдарламасын қайта бағыттаймыз» деген болатын. Биыл «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқуға 555 стипендия бөлінді. Оның ішінде, 395 стипендия магистратураға және резидентураға бағытталды. Докторантура бағдарламалары бойынша 50 стипендия, тағылымдамадан өту үшін 110 стипендия бөлінді. «Болашақ» пен «500 ғалым» ғылыми тағылымдамаларына құжат қабылдау 29 сәуірде басталып, 25 қазанда аяқталмақ.

Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Конкурс іріктеу 10 мамыр – 30 қараша аралығында өтеді. Стипендияға құжаттар gov.kz порталы арқылы қабылданады. Ал, «500 ғалым» бойынша өтінім қабылдау және конкурстық іріктеу алғаш рет bolashak.gov.kz. порталында «Үміткердің жеке кабинеті» бөлімінде онлайн жүргізіледі. Шетелде кадрлар даярлау кезіндегі басымдық инженерлік-техникалық және медициналық мамандықтарға беріледі.

Басым мамандықтардың тізбесі мемлекеттік органдардың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді даму стратегиялары мен

жоспарлары бойынша қалыптасады. Үміткерлер су қауіпсіздігі және су бұру, агроорман шаруашылығы, құрылыс, АӨК, жасанды интеллект, молекулалық генетика сияқты өзекті мамандықтар бойынша шетелде дайындықтан өте алады.

«Болашақ» стипендиясы бойынша квоталық санаттар қарастырылғанын айта кеткен жөн. Олар – инженерлік-техникалық қызметкерлер, медицина маманы және ауылдық жерлерден үміткерлер. Квоталық санаттағы үміткерлер тегін тілдік дайындықтан өтіп, сондай-ақ, стипендия тағайындалғаннан кейін оқу орнын таңдай алады.

Үміткерлерге қойылатын талаптар әрі басым мамандықтар тізбесімен bolashak.gov.kz. сайтында танысуға болады.

## Жастықтың оты жалындап...

Сенбі күні «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының «Киелі мекен» аталған екінші аптасы аяқталды. Бұл күні де қала тұрғындары сенбілікке шығып, тарихи-мәдени ескерткіштер мен гүлзар, саябақтардың аумағын абаттандырды.



Мәселен, Қарағанды облысының қоғамдық кеңесі мүшелері мен оқушылар «Шалқыма» концерттік залының алдындағы гүлзарды, Абай ескерткішінің маңын тазалап шықты.

– Қоғам белсенділері осы акцияны қолдауға ниет білдірдік, – деді Қарағанды облысы қоғамдық кеңесінің төрағасы Жәнібек Садықанов. – Бұдан бөлек, әркім өз жұмысының маңында, ауласында тазалық жұмыстарымен айналысуда. Абай ескерткіші бөліні. Сенбі күні келе алмайтын қандар басқа күндері келіп тазартып кет-

ті. Отбасымен, балалармен келіп, акцияға қатысқандар да бар. Өңірлердегі қоғамдық кеңес мүшелері тазалық шараларын өз аймақтарында жүргізіп жатыр.

Оқушылар тазалық акциясына қатысқанын мақтаншымен айтты.

– Бұл – патриотизм, қаламызға жанашырлық. Жасаған жұмысымыз үшін мақтаныш, әрине, болады. Өзің еңбектеніп тазалағаннан кейін тазалықты сақтағын келеді, – дейді №1 гимназияның 11 сынып оқушысы Иван Левченко.

№1 гимназия директорының тәрбие ісі



жөніндегі орынбасары Саида Аксартованың айтуынша, білім ордасының оқушылары сенбіліктерге жиі шығатынын айтады.

– Бір 11 сынып осында келді, екінші 11 сынып Пушкин ескерткішінің маңын тазалады. Ал, 7-9 сыныптар мектептің манайын жинастырды. Біздің оқушыларымыздың көпшілігі осы ауданда тұрады. Бұл – халық көп жиналатын жерлердің бірі. Гүлзардың таза болғаны өздеріне де жақсы, – деді ол.

«Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясына Әбілқас Сағыновтың атындағы Қарағанды техникалық университетінің студенттері де үлес қосты. Университеттің «Жас Орда» жастар қауымдастығының 100-ден астам студенті қаланы тазалаумен айналысты.

– Оқу орнының студенттері бірнеше аймаққа бөліндік. Бір тобы Қаныш Сәтбаевтың ескерткішін, В.Ленин ескерткішінің маңайын тазалады. Сонымен қатар, Әбілқас Сағыновтың зиратын абаттандыруға бірқатар студент кетті. Біз университет маңын тазалауды мойнымызға алдық, – дейді «Жас Орда» жастар қауымдастығының жанындағы волонтерлер штабының жетекшісі Кристина Немцова.

Оның айтуынша, тазалық жұмыстарын жүргізу еш қиын емес. – Біздің волонтерлер штабы экологиялық акцияларға жиі қатысып тұрады. Біз тек университеттің айналасын ғана емес, қала көшелерін, үлкен кісілердің үйлері мен аулаларын тазалаумен де айналысамыз, – дейді волонтерлер штабының басшысы.

► 3-бет

**ORTALYQ QAZAQSTAN**  
**ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!**  
Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2024 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жалғасуда.  
Газетке жазылуы «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, редакцияда ресімдеуге болады.

Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша ҚАЛА	Санаты	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша АУДАН /АУЫЛ
Көшіп-аудару мен ұйымдар үшін	6 айға <b>5827,65 ТТ</b>	Көшіп-аудару мен ұйымдар үшін	6 айға <b>5891,70 ТТ</b>
Жеке жазылушылар үшін	6 айға <b>3079,65 ТТ</b>	Жеке жазылушылар үшін	6 айға <b>3083,70 ТТ</b>

Қарағанды қ., Ермеков к., № 33, 8 қабат, 88 каб.  
Анықтама телефондары: Тел.: 43-57-89  
Сағыныш – 8-702-638-56-85; Нұрсұлу – 8-705-902-04-05;  
E-mail: ot.del.pochtovoy@bk.ru





# Мұз айдынының мұзбалақтарымен кездесу



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Қарағандылық «Сарыарқа» хоккей клубы осы маусымда ел чемпионатының қола жүлдесін жеңіп, жанкүйерлерге тамаша көңіл күй сыйлады. Қола жүлде үшін «Ақтөбе» клубымен бес мәрте кездесті. Ұмытылмас эмоция. Қайталанбас сәттер. Жанкүйерлер бұл жүлденің қандай күшпен, еңбекпен келгенін жақсы біледі. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев клуб басшылығы мен ойыншыларын жеке қабылдап, құрмет көрсетті. Шара барысында аймақ басшысы «Қарағанды Арена» және Теміртау «Мұз сарайы» аренасының жөндеу және қалыпқа келтіру жұмыстары үшін 100 млн. теңгеден бөлінетінін атап өтті.

Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Шараға облыс әкімінің орынбасары Ермек Алпысов, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Темірхан Абылаев қатысты. Сонымен қатар, клуб директоры Ержан Садуақасовқа, клубтың бас жаттықтырушысы Владимир Князевке және команда ойыншыларына облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды.

– Осы маусымда «Сарыарқа» хоккей клубы керемет ойын көрсетті. Жарқын естеліктерімен жанкүйерлердің есінде қалды. Осы нәтижелеріңіз арқылы елдегі ең мықты клубтың бірі екендеріңізді дәлелдей түстіңіздер. Сіздерге қарап, өскелең ұрпақ спорттың осы түріне әуестеніп келеді. Осыдан-ақ Қарағанды хоккей мектебі түлектерінің деңгейінің жоғары екенін білуге болады. Тіпті, әр қалада хоккеймен шұғылданатын жастардың қатары артып келеді. Бұның бәрі сіздердің еңбектеріңіз деп білемін, – деді Ермағанбет Қабдулаұлы.



Былл Қарағанды және Теміртаудағы «Мұз сарайының» аренасын жөндеу жұмыстарына және қажетті жабықтарды сатып алуға 100 млн. теңгеден бөлінбек. Алдағы уақытта атқарылатын жөндеу жұмыстарының жобасы әзірленуде. Клуб директоры Ержан Садуақасов жана маусымда да клубтың жеңіс тұғырынан түспейтіндігіне сендірді.

– Бұл маусым біз үшін оңайға соқпады. Дегенмен, жанкүйерлердің сенімі әрі облыс басшылығы қолдауының арқасында қола жүлдеге қол жеткіздік. Осы тұста қолдау білдірген баршаңызға алғысымды айтамын. Алдағы маусымда жеңіс тұғырынан көріну үшін бар күш-жігерімізді саламыз, – деді ол.

Былтыр ғана команда сапына жаңадан қосылған 28 жастағы ресейлік Владимир Никита биылғы маусымда жаман өнер көрсеткен жоқ. «Сарыарқа» жейдесін киіп, алаңда 58 ойын өткізсе, 18 шайба салып, 26 нәтижелі пас берген. Шабуылшы ел чемпионатының плей-офф кезеңіндегі «Ақтөбе» клубымен өткен соңғы ойында екі шайба салып, командасын жеңіске бастады. Команда басшылығы бұл ойыншыға жана келісімшарт ұсынып, команда сапында қалуға ұсыныс жасаған.

– «Алматы» клубы сапында ойнап жүргенімде «Сарыарқадан» ұсыныс түсті. Ұсынысты қабылдас бұрын бас жаттықтырушымен кездестім. Мәселелерді бірге талқылап, келісімге келдік. Содан кейін ұсынысты қабылдадым. Біз үшін

тіл табыса алмадық. Дегенмен, маусым ойдағыдай аяқталды. Енді жаңа келісімшартпен танысу қажет, – деді шабуылшы Никита Баженов.

Ал, бас жаттықтырушысы Владимир Князев ойыншыларды командада сақтап қалу үшін қаражаттан тапшылық болмау қажеттігін айтады.

– Клубтағы бірнеше ойыншының келісімшарты аяқталады. Олармен келісімшартты созу, созбау – қаржыға келіп тіреледі. Біз бұл жүлдеді орынға іліктік. Осы тұста кейбір ойыншының жалақысы артады. Соған сәйкес клубқа бөлінетін қаржы көлемі де ұлғайтылуы керек. Әр ойыншымен жеке сөйлесіп, келесі маусымға құрамды бекітеміз, – деді ол.

Суреттерді түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

# Шаңырақтағы шаттық тойы



Президент тапсырмасын орындай отырып...

Жақында Ақтоғай ауданы Шашубай кентінде 96 отбасы баспаналы болды. Пәтер кілттері ұзақ жылдар үй кезегінде тұрған азаматтарға берілді. Қоныстайын тойлағандар қатарында мүмкіндігі шектеулі жандар, ата-ана камқорыссыз қалған балалар, көпбалалы отбасылар мен жалғызбасты азаматтар да бар.

Нұрлос КӨРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Пәтер кілтін салтанатты түрде табыс етіп, қуаныштарына ортақтасқан аудан басшысы Руслан Кенжебеков қат болып тұрған баспана мәселесін біртіндеп шешуге кіріскендігін айтты.

– Мемлекет басшысы халықтың аз қамтылған тобын баспанамен қамтуға ерекше көңіл бөледі тапсырған еді. Биыл ұзақ жылдар қиналып келген біраз жерлесіміз баспаналы болды. Жерлерімізді қуанышқа бөлеу жұмыстары баспанаға мұқтаж отбасылардың мәселесі толық шешілгенге дейін жалғасады. Көкқабатты үй кентінің орталығында, Ақбергенов көшесінде үлкен той болып жатыр. «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» бағдарламасы аясында қалпына келтірілген үйге 96 адам қол жеткізді. «Балқаш Жібек Жолы» мекемесі жөндеу жұмысын жүргізді. Жаңа қоныстанушылар арасында жетімдіктің дәмін татқан 12 жан, 20 көпбалалы отбасы, 46 әлеуметтік осал санатқа жатқызылған отбасы, 17 бюджет қызметкері, сондай-ақ, үйі апатты деп танылған отбасы бар. 90-шы жылдары салынған, бірақ, ұзақ уақыт бойы қаңырап бос тұрған үйлер қайта жөндеуден өтіп, ел игілігіне жаралды, – деді аудан әкімі Руслан Кенжебеков.

Баспана кілтін қолына алып, қуаныштары қойнына сыймай тұрған азаматтармен сөйлестік. Барлығы да мемлекет жүргізіп отырған саясатқа, аймақ басшысының іскерлігіне алғысын айтып жатыр. Солардың бірі балабақша тәрбиешісі Арайлым Бейсембекова ағынан жарылды.



– Осыдан бес жыл бұрын үй кезегіне тұрып, баспана алуды армандап жүруші едік. «Ондай күн қашан туады?», Қолымыз жетер ме екен?» деп ішпегі уайымдалдық. Қазір, құдайға шүкір, кезекте тұрғандардың қаншамасы үйлі

болды. Жас отбасылар да, мемлекеттік қызметкерлер де, көпбалалы аналар да, барлығы қоныстайын тойлап жатыр. Әр отбасы шағын мемлекет қой. Күйеуіміз екеуіміз үш бала тәрбиелеп отырмыз. Екі бөлмелі пәтер алып, арманымыз орындалды. Біз үйімізді көрдік, өте жақсы аудан, жақын маңда балабақша да, мектеп те бар. Барлық жағдай жасалған, орталық жылыту жүйесіне де қосылған. Жақында алған үйімізге көшеміз, – дейді Арайлым Бейсембекова.

Елдің еңсесін тіктеп, дағдарыстың дауылына, заманның жауынына ұрынбас үшін нақты бағдарламалар қабылдап, жұртшылықтың жайлы өміріне жол ашып жатқан Мемлекет басшысына Ақбергенов көшесінің жаңа тұрғындары тілектестігін білдірді. Үй алған көпбалалы ана Евгения Фролова көп жылдар бойы бір бөлмелі пәтерді паналап келген. Оларға үш бөлмелі пәтер берілгеніне ризашылығын жеткізді.

– Биыл баспана аламыз деп күткен жоқпыз. Біз үшін керемет қуаныш, нағыз мереке. Кілт бергенде сенер-сенбесімізді білмедік. Тек ішке кіріп, бәрін өз көзімен көріп, көз жеткізгенде ғана, шынмен де, алғанымызға сеніп, қуандық. Бізге пәтер ұнады. Сантехникасы жақсы, су жылытқышы да бар. Тіпті, қазір келіп, қоныстануға дайын, – дейді Евгения Фролова.

Бір күнде 96 отбасының арманы орындалып, шаттыққа шомылған шақ болды. Ал, арман тек тұрақты дамуы бар, азаматтарына қамқорлығын аямайтын, экономикасы өскен, әлеуметтік жағдайы өнген елде ғана ақиқатқа айналдындығын шашубайлықтар әр сөзінде атап өтті. Шашубай кентінің әкімі Нариван Манғышев тұрғын үй кезегінде 89 адам тұрғандығын мәлімдеді. Алдағы жылдары ауылда тағы қарасуы қалған үш бес қабатты үй қалпына келтіріледі.

Сурет облыс әкімінің сайтынан алынды

# Жағалаудағы жарқын іс

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың пәрменімен 11 сәуірден «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы қолға алынған еді. Бір айға бекітілген акцияның әр апталығына атау беріліп, ел-жұрт жаппай сенбілікке шықты. Бүгінде акция аясында «Нұра-Сарысу» облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясының мұрындық болуымен «Таза су айдындары» табиғатты қорғау мақсатында еріктілер Федоров су қоймасының аумағын қоқыстан тазартты.

Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаппай сенбілікке Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Қарағанды шаруашылығының қызметкерлері, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің биология-география факультетінің студенттері қатысты. Жалпы, аймақта 201 су айдыны бар десек, оның 104-і бекітілген. Ал, 97-сі – резервте. Яғни, бекітілген су қоймалары кімге тиесілі болса, тиесілілер сол аумақтың тазалығына жауап береді. Резервтегі 97 су айдыны мемлекетке қарайды.

Яғни, инспекторлар мен еріктілер тиісті басқармалармен бірлесіп жұмыс жасайды. Осы акцияны негізге ала отырып, еріктілер Федоров су қоймасын бетке алды.

– Мемлекет басшысы өз сөзінде «Таза

Қазақстан» табиғатты қорғау акциясын өткізуді тапсырған болатын. Осы мақсатта өңірде жыл сайын балық шаруашылығы комитетінің тапсырмасымен «Таза су айдындары» табиғатты қорғау акциясы өтеді. Бұл жолы ел Президенті «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясын ұсынды. Бұл жолы осы акция аясында Федоров су қоймасын қоқыстан тазарту үшін жаппай сенбілікке шықтық. Сенбілікке инспекция қызметкерлерінен бөлек, университет студенттерінің қатысқаны да көңіл қуантады. Су айдынының жағалауын тұрмыстық қатты қалдықтардан тазарттық. Су айдынына тасталған қоқыс түрлері мен торларды сыртқа шығардық, – деді «Нұра-Сарысу» облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы басшысының орынбасары Бекзат Махамжанов.

Сенбілікке шыққандардың қатары қалың. Олар сенбіліктің соңына дейін



50-ге жуық қоқыс толы қап шығарды. Еріктілердің ішінде үнемі осындай шаралардан қалыс қалмайтын студент Арайлым Сатыбалды да бар.

– Қыс бойы балықшылар айдында тор құрып кетеді. Торларын уақытылы жинап

алса, кейбірі қалдырып кетеді. Немесе құрған жерлерін таппай қалады. Тіпті, балық аулаған жерін жинамай да кететіндері бар. Ал, қар еріп, күн жылынғанда бәрі қара жер бетіне шығады.

Су айдындарын қоқыстан тазарту үшін балық шаруашылығы инспекциясымен бірігіп, жаппай сенбілікке үлес қосты. Биыл емес, әр маусым сайын сен-

## • РЕСМИ

Қарағанды облыстық мәслихаты төрағасының өкімі

Қарағанды к. №2-7/1-32 2024 ж. 22 сәуір

Облыстық мәслихаттың кезектен тыс XIV сессиясына шақыру уақытын ауыстыру туралы

Қарағанды облыстық мәслихатының кезектен тыс XIV сессиясын өткізу уақыты 2024 жылғы 25 сәуір сағат 10:00-ден 16:00-ге ауыстырылсын (Әлиханов көшесі, 13, конференц-зал, 5 қабат).

## ХАБАРЛАМА

Облыстық мәслихаттың 2024 жылғы 25 сәуірдегі кезектен тыс XIV сессиясының қарауына мына мәселелер шығарылды:

• Қарағанды облыстық мәслихатының 2023 жылғы 14 желтоқсандағы Х сессиясының «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №119 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

• Басқа да мәселелер.

Н.КОБЖАНОВ,  
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

Сурет ұйымдастырушылардан



# Жаңа Салық кодексі Экономиканы ынталандыра ма?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жиналған салықтар – бұл жаңа мектептер, ауруханалар, мәдениет және спорт нысандары екендігі көпке аян. Облыс бюджетінің 80%-дан астамы әлеуметтік салаға және халық үшін қолайлы орта құруға бағытталған. Бұл – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандарының тұрақты жұмыс істеуі, тұрғын үй және жол инфрақұрылымының құрылысы. Мемлекет басшысы атап өткендей, жаңа Салық кодексі тек фискалдық қызметкерлер ғана емес, сонымен бірге, бизнес өкілдерін тарта отырып, экономистер де әзірлеуі керек.

– Бізде айыппұл санкцияларын қабылдаудан гөрі салық төлеушілерге көмек көрсетуге баса назар аударылатын болады. Инновациялардың бірі қосылған құн салығының жаңа автоматтандырылған жүйесін енгізу болады, – деді Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі Ержан Біржанов. – Есепке қоюдан бастап есептілікті тоқтатуға дейін форматты-логистикалық тексеру көзделетін болады. Яғни, кәсіпкер салық органынан алдын ала тоқтатылған нысан алады. Ол келесі немесе түзетулер енгізіледі, бухгалтер немесе қосымша кеңесші жағдайдың қажеті жоқ. Осыған байланысты, бізде камералдық бақылау рәсімі азаяды.



Жаңа кодекстің жобасы жетекші әлемдік компаниялар мен дамыған елдердің үздік тәжірибелерін ескере отырып әзірленді, – деп қосты спикер.

Тағы бір жаңалық – салық төлеушілерге сенім принципі енгізілуі. Жаңа құжаттың негізгі мақсаты – бизнесмендерге салық төлеуді жеңілдету үшін көмек көрсету және оларға жәрдемдесу.

Сонымен, жаңа Салық Кодексі енгізу еліміздің салық жүйесін дамытудағы маңызды қадам деп түсінеміз. Бұл кодексе ескірген салық ережелерін жаңартып қана қоймай, әділ, тиімді және прогрессивті салық салу жүйесіне

жол ашады. Ашықтық, экономикалық өсуді ынталандыру және кәсіпкерлікті қолдау қағидаттарына сүйене отырып, жаңа Салық кодексі қолайлы іскерлік ортаны құруға ықпал етеді және экономиканың әртүрлі секторларына құйылар инвестицияны ынталандырады.

Бұл кодекстің сәтті іске асырылуы оның мазмұнына ғана емес, сонымен қатар, тиімді практикалық іске асыруға, барабар бақылауға және тұрақты мониторингке байланысты екенін атап өткен жөн. Мемлекеттік органдардың, бизнес-қоғамдастықтың және қоғамдық ұйымдардың бір-

лескен күш-жігерімен ғана жаңа салық жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ете аламыз. Жаңа Салық кодексі ережелер мен нормалардың жиынтығы ғана емес, ол экономика мен әлеуметтік үдерістерді басқару құралы. Сондықтан, оның ережелерін мұқият зерделеу, мүдделі тараптар арасындағы сындарлы диалог және үнемі жетілдіру салық саясатын табысты іске асырудың және қоғамымыздың өркендеуінің кепілі болмақ.

Суреттерді түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

## Еске алу

Елуді еңсеруге шақ қалғанда қатал тағдыр ойран дауылын ойнатып, бауырымыз Ляззат ҚОРАБАЙҚЫЗЫН келместің кемесіне мінгізгеніне бір жыл толып отыр.

«Өмірдің өзі күшті болғанымен, өтетіні өкінішті» дегеннің ашы шындығын кеше ғана арамызда жарқырап жүрген Ляззатымыздан қапыда айырылғанымызда қайғы жұтып, оң бойымызбен сезіндік.

Бүгінде ағайынмен бауырымызды сағынышпен еске алып, дұға арнаймыз. Оның жадыраған жарқын бейнесі жанымыздан кетсе де жадымыздан өшпейді.

Ляззатжан, Жанәділді бізге аманат,  
Жеткіземіз келтірмей өзіңе жаман ат!  
Тілейді қол жая артыңдағы бар бауыр,  
Жәннаттан болсын орның деп,  
Алладан саған салауат!

Еске алушылар: ұлы – Жанәділ, бауырлары.

PS. Марқұмның жылдық еске алу асы Нұра ауданы, Кертінді ауылында Балат қажы атындағы мешіттің асханасында 2024 жылғы 18 мамырда беріледі.

Сағат 12.00-де сырттан келген қонақтар мен ауылымыздың ер азаматтары;

Сағат 15.00-де ауылымыздың әйелдер қауымына.

Т/6

## ҚАЛҚАН

# Әскери әлеует сарапқа салынды

Ұлттық ұлан «Орталық» өңірлік қолбасшылығының әскери бөлімдері әскери кеңес өткізді. Кеңес отырысын «Орталық» өңірлік қолбасшылығының қолбасшысы генерал-майор Сәкентай Шекарбеков ашты. Кеңес барысында қолбасшысы орынбасарлары жауынгерлік дайындық, жауынгерлік әзірлік, әскери қызметшілер арасындағы құқықтық пен заңдылықты сақтау, жеке құрамда тылдық қамтамасыз ету, үш ай көлемінде жаңа құрылған ғимараттар пен жоспарлар жайлы сөз қозғайды.



Өңірдің бес облысындағы жауынгерлік әзірлікті қолбасшының бірінші орынбасары-штаб бастығы полковник Лияс Сағандықов баяндады. Өз сөзінде сардар әскери бөлімдердегі жағдайға тоқталып, қызметті оңтайландыру бойынша біршама ұсыныс жасады. Келесі кезекте өз баянатын тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары, полковник Берік Токтаров ұсынды. Өңірдің бес тәрбиешісінің айтуынша, әр командир бағыныштысы үшін – тәрбиеші, заңдылықты сақтау, енгізілген заң талабын әрдайым әскерилерге толық жеткізген кезде ғана тәрбие үрдісі әрдайым биік деңгейде болады. Баянатының соңында Берік Серікұлы әскери қызметшілердің әлеуметтік жағдайына баса назар аударуға кеңес берді.

Тыл қызметінің үш айда атқарылған жұмысына өңір қолбасшысының тыл жөніндегі орынбасары Қуаныш Қажыбаев тоқталды. Сардар өз баянатында 2023-2024 жылғы жоспарлар мен әскери аймақтардағы жағдай бойынша сөз қозғап, алдағы уақытта орындалатын тапсырмаларды тиянақтады. Қолбасшы генерал-майор Сәкентай Амантайұлы әскерлердің арасында жауынгерлік әзірліктің, ұжымдық әрекеттің өңірлерде орын алған табиғи аппаратта ерекше көрінісін жеткізді. Қолбасшы атқарылып жатқан еңбекке жоғары баға беріп, әр командир өз бағыныштысының еңбегін бағалауға, әр ісінде заңдылық талаптарын ұстануға кеңес берді. Шара соңында Лияс Сағандықов жауынгерлік дайындыққа жоғары бағалады. Сонымен қатар, бөлім басыларына бірқатар тапсырма берді.

Алияр ДҮЙСЕНБАЙ,  
ҚР Ұлттық ұланы «Орталық»  
өңірлік қолбасшылығының  
баспасөз қызметкері.

Сурет автордан

# Жастықтың оты жалындап...

(Соңы. Басы 1-бетте)

Евней Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенттері мен профессорлық-оқытушылық құрамы сенбі күні «Таза Қазақстан» акциясының жалғасы – «Киелі мекен» тарихи-мәдени ескерткіштерді абаттандыру жұмыстарын жүргізді.

Университет белсенділері академик Евней Бөкетовке арналған ескерткішті және 2023 жылы ашылған «Күй альясын» коқыстардан тазартты.

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен ұйымдастырылған «Таза Қазақстан» акциясына біз жастар ретінде, университеттің болашағы ретінде бастаманы қолдап отырмыз. Әр сенбі сайын барлық факультеттер белсенділік танытуда. Бүгін 20 сәуірде 240 студент сенбілікке шықты. Одан бөлек,



профессорлық-оқытушылар құрамы да бар. Апта тақырыбы – «Киелі мекен» болғандықтан,

біз ескерткіштермен қатар, университет маңайын қоқыстан тазалап, Университет көшесіндегі саяжалды тазаладық, – дейді оқу орнының әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі департаменттің бас маманы Еркебұлан Амангелдіұлы.

Ал, университеттің 3 курс студенті, Қарағанды облысының омбудсмені, Студенттік Парламент төрағасы Мерейлі Жақсылық қаланың тазалығына тек тиісті мекеме қызметкерлері ғана жауапты болмай, барша тұрғын атсалысуы тиіс екенін айтады.

– Қаламыздың әр тұрғыны тазалықты өз ауласынан бастап, туған жерінің көркеюіне өзіндік

үлесін қоса білгені дұрыс. Осы сенбілікке экономика факультетінің 1 және 2 курс студенттері атсалысты. Е.Бөкетов университетінің студенттері 27 сәуірде өтетін «Жасыл аймақ» акциясына да қатысатындарын мәлімдейді. Бұл күні ағаш көшеттерін отырғызу, айналы аяққа жұмыстарын жүргіземіз, – деді Мерейлі Жақсылық.

Сондай-ақ, сенбілік барысында 100-ден астам жас плотингке қатысып, 150 қап коқыс жинады. Яғни, олар жүргізуге қатыса отырып, Федоров су қоймасының ауағын тазартты.

– Бүгін тамаша іс-шара өтті. Бір жағынан спортпен шұғылдансақ, ал, екінші жағынан өз қаламызға пайдамыз тиді. Бұл – өте керемет шара! Тұрғындардан көшелерді таза ұстап, коқыс тастамауға жауапкершілікпен қарап, табиғатқа ұқыптылық танытуды сұрағым келеді. Өйткені, қаламыздың таза болуы әрқайсымызға байланысты, – дейді экологиялық еріктілер қозғалысының жетекшісі Рахат Райымбеков. Плотингке Қарағанды Жастар ресурстық орталығының еріктілері, Бәрімбек Бейсенов атындағы ҚР ПІМ академиясының қызметкерлері мен курсанттары қатысты.

Жансая ОМАРБЕК,  
Салтанат ІЛІЯШ

Суреттер авторлардан

# Апталық нәтижелі аяқталды

«Таза Қазақстан» республикалық акциясының екінші аптасы Теміртау қаласында да «Киелі мекен» айдарымен өтіп, нәтижелі аяқталды.

Яғни, мұнда 15-20 сәуір аралығында өткен сенбіліктерге 1500 адам, соның ішінде мемлекеттік қызметкерлер, әскери қызметшілер, партиялар мен қоғамдық бірлестіктер өкілдері, тұрғындар мен жастар белсене қатысып, қала аумағының 15 гектардан астам жерін жинастырып, тазалады.



Бұл жұмыстарға 29 жүк тиеу және тасымалдау техникалары жұмылдырылып, 1300 тоннаға жуық қатты тұрмыстық қалдықтар сыртқа шығарылған.

ТЕМІРТАУ

Сурет ұйымдастырушылардан



Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Ғылым департаментінің директоры Серік Сағымбекұлы Қасымовқа туған ағасы Нұрлан Сағымбекұлы ҚАСЫМОВТЫҢ кенеттен қайтыс болуына байланысты қайғырын көңіл айтады.

д

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

## Жарамсыз деп танылсын

Дәрігер Суннатилла Тойчибекович Абдукаримовке берілген дәрігерлік мөрі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

№144

№100



• ТЕЛЕКӨПІР

**Ұлыдан ұлағат**

Ұлылардың ғұмырынан онеге алу – жас толқынның алдындағы парыз. Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толуына орай «Қаныш Сәтбаевтың ғылыми жолы» атты телекөпір ұйымдастырды. Телекөпірге Түркия мен Қырғызстан және Қазақстанның жоғары оқу орындарының ұстаздары қатысты.



Суретшілік: Қарағанды

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Телекөпірде Түркия мен Қырғызстаннан және Қазақстанның түпкір-түпкірінен қосылған 6 спикер баяндама жасады. Баяндамалардың мазмұнына ұлы тұлғаның ғылымға әкелген жаңалықтары арқау болды.

– Ой-өрісі биік, ғылымның сан саласында энциклопедиялық білімі бар, ғылыми қызметті шебер ұйымдастырушы және алдыңғы қатарлы мамандарды тарта білетін басшы ретінде Қаныш Сәтбаевтың ұлылығын алдымен еліміздің зияткер қауымына дәріптеуіміз керек. Ғұламаның өткен жолы баршамызға үлгі. Шараның негізгі мақсаты да – осы. Телекөпірде айтылған әңгімелерден қатысушылардың бірі идея алып, тың серпінмен жұмыс істесе, мақсатымызға жеткеніміз. Бұл күнде Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев ғылымға бет бұруымыз тиіс деп, үндеу жасап жатыр. Ал, ғылымды дамытқымыз келсе, Қаныш Сәтбаевтың еңбек жолы толықтай зерттелгені жөн болар. Баяндамашыларға ерекше алғысымды білдіремін. Түркиялық, қырғызстандық әріптестерімізге шығармашылық табыс тілеймін, – деді филология ғылымдарының доценті Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті қазақ тілі және мәдениеті кафедрасы меңгерушісінің міндетін атқарушы Қарлығаш Хамзина.

Халықаралық телекөпір жұмысы қызу пікірталаспен жалғасты. Қаныш Сәтбаевтың басты еңбегі – геологиялық зерттеулері арқылы елдің дамуына орасан үлес қосқаны атап өтілді.

• ЖАҢА КІТАП

**Шәкәрім ізімен...**

Қарағанды медициналық университетінде Шәкәрім Құдайбердіұлының тағдыры туралы сыр шертілген «Шәкәрім» атты жаңа кітаптың тұсауы кесілді. Тұсау-кесер барысында облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын өңір басшысының атынан Мақаш Әлиақпаровқа Құрмет грамотасын табыс етті.

Жан АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Абай мен Шәкәрімнің өмірі мен шығармашылығына терең бойлау үшін Мақаш Әлиақпаров Семей облысына «Шәкәрім ізімен» экспедициясымен төрт рет барады. Осы арада ол көптеген тарихи фактілерді қағазға түсіріп, көнекөз қариялардан дерек жинақтады.

– Мақаш Әлиақпаровтың жаңа кітабы қалың оқырманға жол тартты. Мақаш ағамыз – жазушы және суретші. Оның шығармаларының негізгі тақырыбы – Семей, Шәкәрім және Абай. Ол өзінің шығармашылығын осы екі ойшылға арнады. Оның шығармалары – бейнелеу және прозалық болып екіге бөлінеді. Жаңа кітап – Шәкәрімнің шығармашылығы туралы. Кітапта тың деректер мен көптеген иллюстрациялар келтірілген. Мақаш Әлиақпаров – шығармашылық тұлға ғана емес, сонымен қатар, ғалым. Ол көптеген білікті медицина мамандарын тәрбиелеген, – деп атап өтті Қарағанды медициналық университетінің профессоры Вилан Молотов-Лучанский.

Мақаш Әлиақпаров – медицина ғылымдарының докторы, 1989 жылдан 2001 жылға дейін Қарағанды медицина институтының ректоры, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, абайтанушы, шәкәрімтанушы, Теміртаудағы «Металлургтер», Астанадағы «Отан



Суретшілік: Қарағанды

корғаушылар», Қарағандыдағы «Тәуелсіздік» және «Абай» сияқты монументтердің авторы.

Расында, 1975 жылдан бастап, осы уақыт аралығына дейін Мақаш Әлиақпаровтың қылқаламынан 200-ден астам туынды дүниеге келген. Оның 60-тан астамы тек Шәкәрімді негізге ала отырып салынған суреттер. Ғалымның суретшілік қыры туралы Қарағанды облысы Суретшілер одағының басқарма төрағасы Айдархан Қалмаханов сөз қозғап, оны «ҚР Суретшілер одағына 90 жыл» орденімен марапаттады.

– Мен бұл адамды нағыз суретші ретінде 90-шы жылдардан бері білемін. Мақаш Тыныштықбайұлының өзіне тән стилі бар. Кескіндемелері классикалық емес, француз импрессионизміне көбірек ұқсайды, – дейді Айдархан Қалмаханов.

**Тағылымға толы жүздесу**

Қарағанды қаласы орталықтандырылған кітапхана жүйесінің №11 филиалында Қарағанды қаласының 90 жылдығына орай қолға алынған «90 жылдыққа – 90 кездесу» жобасы аясында «Ғылымның алып бәйтерегі» атты кездесу кеші өтті. Кешке Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің аға оқытушысы, географ-эколог ғалым Ернар Кейкин мен Қарағанды «Bolashaq» жоғарғы колледжінің студенттері қатысты.



Кеш ұлт тарихына, қазақ ғылымына, өнері мен мәдениетіне өлшеусіз үлес қосқан ұлы тұлға Қаныш Сәтбаевтың адамдық болмысы мен елеулі еңбегін, мұраларын насихаттау арқылы өскелең ұрпақты елі мен жерін сүйуге, отаншылдыққа тәрбиелеуді көздеді.

Шара барысында Ернар Қуатұлы ұлағатты тұлғаның өмір жолы, ел игілігіне еткен қызметі туралы әсерлі әңгімелеп, өзінің зерттеп жүрген тың деректерімен бөлісті.

Қаныш есімін ұлықтау өскелең ұрпақтың азаматтық борышы екендігін айт-



ты. Жиналған қауымға Қаныш өмірінен сыр шертетін «Хабар» телеарнасының бейнеқорынан үзінді және «Қазақтың Қанышы» атты слайд-презентация көрсетілді. Сонымен қатар, ұлы ғалымның ғылыми, қоғамдық-қайраткерлік өмір жолы туралы замандастарының естеліктері оқылды.

Тәттімбет атындағы Қарағанды өнер колледжі студенті Бекарыс Шаймахамабет «Аққан жұлдыз» және Қасым Аманжолтың «Өзім туралы жыр» әндерін нақышына келтіре орындаса, Нұрия Ғалымжан Қасымхан Бегмановтың «Сәтбаев туралы» өлеңін оқыды.

Қатысушылар назарына «Сәтбаев тағылым» атты кітап көрмесі ұсынылып, ондағы әдебиеттерге шолу жасалды.

Қазақстан ғылымының орасан зор табыстарға жетіп, әлемдік биікке көтерілуіне айрықша еңбек сіңірген, дүние жүзіне танымал, халқының сүйікті перзенттерінің бірі – Қаныш Сәтбаев сонына көпсалалы ғылыми мұра қалдырған ұлы тұлға.

**Анар ИДИРИСОВА,**  
қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесі  
№11 филиалының қызметкері  
Сурет ұйымдастырушылардан

• ЕРКІН КҮРЕС

**Барселонада бағы жанды**

Испанияның Барселона шаһарында еркін күрестен халықаралық турнир өтті. Әлемнің кіл мықтылары жиналған байрақты бәсекеде ұлт құрамасы сапында қарағандылық спортшылар да ел намысын қорғап, мықтылығын көрсетті.

Әлия Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған олимпиадалық резервтегі мектеп-интернат-колледжінің атынан қатысқан Әлихан Құсайынның 125 келі салмақ дәрежесінде жеке есепте, қарсылас шак келтірмей, бірінші орын биігінен көрінді. Арқа жерінің абыройын асқақтатты.



• ДЖИУ-ДЖИТСУ

**Қоржында – екі алтын**

Жуырда Шымкент қаласында джиу-джитсу спортынан басталған «AJF TOUR SHYMKENT INTERNATIONAL JIU-JITSU CHAMPIONSHIP 2024» атты республикалық турнир мәресіне жетті.

Тартысты өткен спорт бәсекесінде кеншілер өлкесінің намысын қорғаған Ажар Салықова 70 келі салмақ дәрежесінде бірінші орынға ие болса, 77 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен Олжас Нұртақанов та өз салмағында қарсылас шак келтірмей, кара үзді.



• САМБО

**Намысты қолдан бермеді**

Семей қаласында спорттық және жауынгерлік самбодан Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Оған еліміздің барлық облысы мен Астана, Алматы, Шымкент қалаларынан үздіктер жиналып, мықтыларды анықтады.

Нәтижесінде, спорттық самбодан жерлестеріміз арасынан сәтті өнер көрсеткен Болат Сапар мен Мадина Ержан I орынға, Маргарита Бажаева мен Жандос Бейсенбаев II орынға ие болды. Ал, Мөлдiр Нұрланбек, Абдумалик Қанат, Асылхан Хали III орынға табан тіреді.

Ал, жауынгерлік самбодан Виталий Радионов екінші орынды, Жаксылық Чаймерден, Қанағат Мағмур, Ниятжан Төлеухан үшінші орынды жеңіп алды.

Осылайша жалпыкомандалық есепте Қарағанды облысы үшінші сатыға тұрақтады.



Дайындаған **Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»  
Суреттер ашық дереккөзден

• ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

**Желаяқтар дүбірі**

Қарағандыда өткен Қазыбек Нұржановты еске алуға арналған жеңіл атлетикадан ашық республикалық турнирге 150-ден астам спортшы қатысты. Еліміздің түпкір-түпкірінен келген 2009-2010 жылы туған ұлдар мен қыздар шеберлігін байқатты.

Турнир үш күнге созылды. Дәстүр бойынша бағдарламаға 50, 300, 600, 1000 метрге жүгіру, биіктікке секіру, ұзындыққа секіру, ату және мих эстафетасы кірді.

Қарағанды облыстық мамандандырылған олимпиада резервиндегі балалар-жасоспірімдер спорт мектебінің тәрбиеленушілері Мақсат Базарбаев биіктікке секіруден, ал, Максим Григорьев ұзындыққа секіруден алдына жан салмады.

Солтүстік Қазақстан облысы Саумалкөл ауылынан келген Дмитрий Спасский 600 және 1000 метрге жүгіруден рекорд орнатты.

Қарағанды қалалық мамандандырылған олимпиада резервиндегі балалар-жасоспірімдер спорт мектебінен Марк Борченко ядро лақтырудан үздік нәтиже көрсетті.

Жарыс жеңімпаздарына сыйлықтар мен турнирде жоғары жетістік көрсеткені үшін ақшалай сыйақыны Қазыбек Нұржановтың туыстары тағайындады.

– Биыл Солтүстік Қазақстан және Ұлытау облысынан, Астана мен Қарағанды облысының спортшылары жиналды. Беларусь пен Қырғызстаннан жеңіл атлеттер қатысуы керек еді, бірақ, олар келе алмай қалды. Көптеген жастар үшін бүгінгі жарыстар – үлкен турнирлерге қатысудың бастапқы бастамасы. 2023 жылы Қарағанды облысының спортшылары еліміздің барлық 8 чемпионатында жеңіске жеткен. Биыл да қарағандылықтар жеңіске жетуге барын салды. Жоғары нәтижелер көрсетті. Тоғыз жеңіл атлет 22 сәуірде Дубайға Азия чемпионатына аттанды. Оларға сәттілік тілеп, медальдармен оралады



деп үміттенеміз, – дейді жарыстың бас төрешісі қарағандылық Андрей Агеев.

Мұндай жарыстар алғаш рет 2019 жылы өтіп, оған Қарағанды облысы мен

Беларусь Республикасынан 300-ден астам спортшы қатысқан.

Сурет ұйымдастырушылардан  
Өз тілшімізден

**ORTALYQ QAZAQSTAN**  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**  
Директордың орынбасары – **Оксана Вячеславовна МЯГКИХ**

Бас редактор – **Е.К. МУСАБЕК**  
Бас редактордың орынбасары – **Қ.А. АЙТЖАН**  
Сайт редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**  
Жауапты хатшы – **Ж.Қ. ШАЛҚАР**

**Телефондар:**  
Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Призерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра, Оскаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінң Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VP00030163 куәлігі берілді.  
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 ұй.

**Электрондық пошта:** ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJВK2ХХ БИН 000840001412  
Таралымы 5 508

№ 45 тапсырыс. Индекс 65484  
Оффсеттік басылым. Кәлемі 2 баспа табақ.

**Бағасы келісім бойынша**  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
**Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.**  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор **Салтанат ШИЯШ**